



#### **МУЗЫКА САБАҒЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХО-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Ахмадиева А.Т.*

*Шығыс Қазақстан Облысы, Аягөз аудандық өнер мектебі*

Егеменді, бостандық алған Қазақстан Республикасының білім беру саласында, педагогикалық тәжірибенің мазмұнын жаңарту кезінде, қоғам өмірін жаңартуда, адамның жаңа қоғамға деген көзқарасы, болашақ ұрпақты жан - жақты білімді, мәдениетті, өз мәдениетін, өз тілін, өз халқының тарихын дәріптеуген құрылған музыка пәнінің ғылыми-әдістемелік негізі – оқушылардың музыка өнерінің негізі мен оның өмірімен байланысы жайлы түсінігін қалыптастыру әрі жетілдіру.

Оқушы бойындағы музыкалық, тәжірибелік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, музыканы түсініп шығармаларды мәнерлі орындап, орындағанда әуенінің таза болуы, ырғақты сезіне білу, вокалды - ән айту дағдыларын қалыптастыру мақсатымен халық және композиторлардың ән - күйлер, қазіргі уақытқа сай профессионалды музыкалық шығармаларының музыкалық табиғатын танытуда инновация-лық әдістерді қолдана отырып үйрету замана талабы болып отыр.

Музыка – өнер құбылыстарының синтезі, жиынтығы. Музыканы әр тыңдарман өзінің жанының сүзгісінен өткізуі керек. Музыкалық шығармадағы сазгер әуезі, үні, барлық музыкаға құмартушылардың әуезіне, үніне айналмақ. Музыкалық шығарма мен көркемдеп орындаушының үндесігі музыкаға жан бітіреді. Бұл ретте көрнекті музыкатанушы Ю Алиев «Настольная книга школьного учителя-музыканта» деген кітабында: «Бала қиялының еркіндігі, оның ортаға қатысы, әлем кереметтерін түсінуге құлшынуы музыка құдіретін пайымдау арқылы жүзеге асады. Әнді нақышына келтіріп орындау, оның маңызы мен мұратын ұғу – тек отбасы тәрбиесі мен ұстаздың үздіксіз ізденістің нәтижесінде болатын үрдіс», – дейді [4.25б.].

Музыка – өнердің түрі, оның бойында саз бен үн тоғысы болады. Егер бала әнді орындай отырып эстетикалық әсер аламаса, музыка сұлулығына тұшына алмайды; ал егер өлеңдегі музыканы сезбесе, баланың жаны тебіренбейді. Музыка да өнердің басқа түрлері сияқты адамды рухани жағынан толықтырады, терең толғанысқа түсіреді, сезімін күшейтеді. Өмірге қызығушылығын арттырып, рухани байытатын және оқушыны жас кезінен жеке тұлға болып қалыптасуына, шығармадағы кейіпкер тағдырына қайғырып, қуанып, ортақтасуға әсері болады.

Музыканы оқыту күрделілігі оның жанрлық ерекшелігінде ғана емес, ең бастысы, оқушылардың оған деген көзқарасы, қарым - қатынасында. Мұғалімге оқушыларды музыкалық шығармаларға қызықтыру, тарту маңызды болмақ.

Музыкалық шығармаларды жаңақшылдық негізде оқыту әдістемесін сөз ете отырып, енді оқушылардың, жасөспірімдердің оларға деген жағымды көзқарасы, қызығушылығын қалай туғызу керек, оның тиімді әдістері қайсы, осы мәселеге тоқталайық.

Қазіргі таңда музыкалық білім беру үрдісін ұйымдастыруда инновациялық оқытуға көбірек назар аударылуда. Танымал мукатанушы, әдіскер ғалым Ш.Т. Таубаева «Педагогическая инноватика кек теория и практика нововедений» атты еңбегінде: «Инновация» – «нововедение», «жаңалықтану», «жаңашыл» педагогикадағы жаңа бағыт», – деп оның жаңашылдық сипатын теориялық негізімен үндес болуын атап көрсетеді [5.23б.]. Бүгінде музыкалық білім саласында үнемі ізденіс және білім мазмұнын өмір талабына сай жаңарту, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері жасалында. Сонымен қатар, педагогикалық инновация дамып жетілуде. Білім

беруді ұйымдастырудың дүниежүзілік тәжірибелерінде жаңа түрлерін дамыту, оқытудың басты ұстанымдарын айқындау бағытында жұмыстар іске асырылуда.

Қоғам өмірінің жаңарып-жаңғыруы демократиялық өзгерістерге бет бұруы жеткіншектерге инновациялық технологиялар арқылы тәрбие мен музыкалық білім беру үрдісін халықтың өткен тарихымен, рухани-әдеби мұраларымен, өмірлік бай тәжірибесімен тығыз байланыста ұйымдастырып, ұштастыра жүргізуді талап етеді.

Жаңа инновациялық технологияларды іс жүзіне енгізу әлеуметтік өмірге жаңа мазмұн кіргізетін, ұлттық тәрбиеге қатысты жаңа міндеттер қойып, шеше білетін, шығармашылық ақыл-ой қабілеті бар адамдарды қажет етеді. «Шығармашылық» деген сөздің төркіні «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды [5.136.]. Шығармашылық дегеніміз - жеке адам үшін немесе әлеуметтік мәні бар жаңалыққа әкелетін адам әрекеті болып табылады. Бүгінгі күннің талабы – халықтық тәлім-тәрбиенің шығармашылық жолдарын тиімді пайдалану болып табылады. Шығармашыл тұлғаны дамытудағы маңызды педагогикалық құрал – халықтық тәлім-тәрбие үлгілері. Бұл үлгілерді пайдалану арқылы қызығушылықты, ынта, ерік-жігерді арттыруға болады.

Еліміздің дербес мемлекет болуына орай Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңын» жүзеге асыру мақсатында көптеген келелі істер атқарылып жатыр [6]. Инновациялық (жаңашыл) әдіс-тәсілдерді меңгеру, оны тәрбиеде қолдану жаңа заман талабынан туындап отыр. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген бойында ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі тәуелсіз Қазақстан елінің иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеу-біздің басты міндетіміз. «Бала-көңілдің гүлі, көздің нұры» деп халық тегін айтпаған. Қыр гүліндей жайқалған дені сау, көзінен от жанып тұрған, өткір ойлы болашақ тәрбиелеу үшін көп ізденістер қажет. Тәрбие негізінің бастау бұлағы мектептен басталады. Білімді, өнерлі, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу баршаның міндеті. Белгілі ғалым Т.Г. Марипульская «Проблема национальных традиций в преподавании музыки» атты диссертациялық еңбегінде: «Инновациялық технологиялар арқылы музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастыруды мынадай бағыттар бойынша қарастыруға болады:

- Ұлттық музыкалық мұраларды негізгі бағытқа алу;
- Халқымыздың жүріп өткен жолына көз жібере отырып, сан қилы тарихымызды танытатын әндердің тарихын оқушы жадына түю;
- Халық шығармашылығы арқылы эстетикалық танымын дамыту;
- Ұлттық көзқарастарын қалыптастыру;
- Өз елін, тілін, мәдениетін, саз өнерін қадірлеп-қастерлейтін отансүйгіштік қасиеті жоғары ұрпақ тәрбиелеу», – деп жіктеп көрсетеді. [7.456.].

Инновация – жаңаша ойлаудың жолы болғандықтан тәрбиенің жаңа мазмұндағы түрі. Маман педагогикалық технология мен әдістемелерді ретіне қарай өз қалауымен таңдап алады. Жалпы ұлттық тәлім-тәрбие беруде инновациялық технологияларды халық педагогикасымен байланыстырып, жүйелі қолдана білсек, дәстүріміз жалғасып, әдет-ғұрпымыз сақталатынына сенімім мол [8.146.].

Болашақ ұрпаққа музыка сабағында инновациялық әдістер арқылы ұлттық тәлім-тәрбие беруде тиімді ізденістермен әр елдің озық тәжірибелерін жүзеге асырып, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту әр ұстаздың міндеті екені сөзсіз.

Музыканы жаңаша сапада оқытпастан бұрын, музыканың өнер ретіндегі құдіретін ұғыну басты міндет болмақ. Бұл ретте Ә.Бөкейханның 1914 жылы жазған әйгілі «Ән, өлең һәм оның құралы» атты мақаласында» [9.686.] өнердің осы нәзік саласы туралы толғана келе, Гете, Шопенгауэр, Бетховен, Мартин Лютер сынды неміс халқының арда ұлдарының музыка хақындағы пікір-пайымына тоқталады. Осы орайда бір ақиқатты айта кеткен орынды: Әлихан Бөкейхан қазақша сөйлеткен Герман тұлғаларының тілі, парасаты Алаш халқын әлемдік аяда рухани байытты. Енді мұны тағы да тыңдап көрелік: «Гете келтіреді: «Ән-өлең шертіп ойнау – ең жоғарғы өнер. Әнде не нәрсе салынса, ішекке не ойналса, сол нәрсе жоғары шығып көтеріледі, ағарады, қасиеттенеді».

Шөпенгәуір сөйлейді: «Өлең, ән, күй салу баршамыздың қазынамыздың (қозғалу, сезу, тебіренуді) бәрін жоғары жасап, жоғары жаратуға зор бір құдіретті сайман. Өлең, ән, күйдің күші, ән қуаты сондай күшті – бұл барлық жаралыс тұрмысын көрсетеді. Өзге өнерлер құр көлеңкісін ғана көрсетеді. Жүрек жанына орнаған дақты сол күймен ғана сыртқа шығарады. Мәрхамат, шәфқат, рахат, мехнат, шаттық-реніш, ғайрат, хафалық, зар, мұң, күйініш – бәрін жүректе қандай болса, сондай қылып көрсетеді».

Бетховен айтады: «Ән, өлең, күй – сондай ашық түрлі жарық тіл. Ондай қылып данышпан да, хәкім де айтпайды. Ол – адамның жол салушысы, жол басшысы. Бұл жол бір ғана сонау биік, жоғары білім ғаламына шығатын жол. Ол ғалам адам баласына сезімді, бірақ дене-сімен адамзат бара алмайды. Ән, өлең, күй құдірет ғылымымен әбден сырлас».

Мәртін Лүтер: «Ән, өлең, күй аспабы – адамның ғибрат берушісі, адамның ақылын оятып, молайтып, қорытып беруші ең жақсы ақылшысы, жіңішкелікке, төменшілікке, бірлікке, татулыққа, сүйіспеншілікке, ең бірінші оқытушысы, үйретушісі. Ән, өлең, күй – ең сенімді үн. Бұл үнмен адам мехнатын, рахатын, ғайратын, шәфқатын, сүйіспеншілігін билейтін, қайғы-қасіретін Құдайға тапсырады, жеткізеді. Ән, өлең, күй – аспандағы періште тілі, бұрынғы жерде болған пайғамбарлар тілі. Ән, өлең, күй – Алланы танытуға үлкен себепкер». Мәртін Лүтердің дұспандары аңыз қылысқан: «Мәртін бізді білімімен алдап ерітіп алмады, әнімен елжіретіп ерітеді» деп» [10.68б.].

Қорыта келгенде айтарымыз, музыка сабағындағы инновацияны қолданудың психо-педагогикалық маңызын айқындап алмай, музыкалық білім беру үдерісін жаңашыл әдіске құру негізсіз болмақ. Сондықтанда музикалық оқу-тәрбие үдерісінде кез-келген шығарманың оқушы жан дүниесіне психологиялық, педагогикалық мәні мен мәйегін танып алмай тұрып, оны оқытуға жол жоқ.

#### **Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: «Білім», 1997. – 176 б.
2. Хлопова В.Н. Музыка как вид искусства. Музыкальное произведение как феномен. – М., 1994. – 264 с.
3. Яворский Б.А. Воспитание музыкой. – М., 1989, – 324 стр.
4. Алиев Ю.Б. Настольная книга школьного учителя-музыканта. – М., 2000.
5. Таубаева Ш.Т. Педагогическая инноватика кек теория и практика нововедений. А, 2001, 295с.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2004. – 132б.
7. Марипульская Т.Г. Проблема национальных традиций в преподавании музыки (теоретический и методический аспект): Автореф. дис. ...докт. пед. Наук. –М., 2002. – 26-27 с.
8. Шамина Л.В. Этнографическая парадигма школьного музыкального образования: от «этнографии слуха» к музыке мира //Преподаватель/ – 2001. – №6.
9. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранное (құрастырған С.А.Жүсіп). Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
10. Катунян М.И. Эдуард Артемьев: «Музыка – это канал связи со Вселенной»(интервью) //Музыка в школе. – 2002. – №4.

### **«ПРОГРАММЫ ЭЛЕКТИВНЫХ КУРСОВ ДЛЯ ПРОФИЛЬНЫХ КЛАССОВ КАК ИНТЕГРИРУЮЩИЙ ФАКТОР В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕМ ОБРАЗОВАНИИ»**

**Бандурина И.В.**

*Казахстан, соискатель кафедры педагогики и психологии  
ФГОУ ВПО «Челябинская государственная академия культуры и искусств»,  
преподаватель истории гимназии № 2, г. Рудный*

В настоящее время на всем постсоветском пространстве будь то в Казахстане, России или других странах современная педагогика ставит перед собой практически одни и те же